

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің мәртебесі мен өкілеттіктері туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 наурыз N 278

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің мәртебесі мен өкілеттіктері туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қ а р а у ы н а е н г і з і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының - Қазақстан
Республикасы Сыртқы істер министрінің мәртебесі мен
өкілеттіктері туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 19) тармақшасына сәйкес
Қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі (бұдан әрі - Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының лауазымды тұлғасы болып т а б ы л а д ы .

2. Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі өзінің қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей басшылығымен жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің м ү ш е с і б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Конституция, заңдар, осы Жарлық және Қазақстан Республикасы Президентінің өзге де актілері Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі қызметінің құқықтық н е г і з і н қ ұ р а й д ы .

5. Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес төмендегідей өкілеттікті жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамалық негіздерін

әзірлеуді және тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынуды

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыруды қамтамасыз ету ;

3) Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық және инвестициялық саясатын үйлестіру және оны іске асыруды қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының атынан мемлекетаралық келіссөздерді жүргізу;

5) Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының халықаралық қ ы з м е т і н ү й л е с т і р у ;

6) Сыртқы істер министрлігінің жұмысын ұйымдастыру және оған басшылық ету;

7) Мемлекеттік хатшының - Сыртқы істер министрінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Мемлекет басшысының қарауына ұсынылатын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу;

8) Қазақстан Республикасында қызметін қоса атқаруға тіркелген шет елдердің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдап алу;

9) Мемлекет басшысы жанындағы мынадай консультативтік-кеңесші органдардың қызметін үйлестіру: Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Қазақстан халықтары Ассамблеясының кеңесі, Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия, Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің Бейбітшілік пен прогресс жолындағы мемлекеттік жүлдесін тапсыру жөніндегі комиссия, Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссия, Шетелдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия, Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық пен демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын тапсыру жөніндегі комиссия ;

10) Мемлекет басшысының өзге де тапсырмаларын орындау.

6. Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі өзіне жүктелген міндеттерді о р ы н д а у м а қ с а т ы н д а :

1) ө к і м д е р ш ы ғ а р у ғ а ;

2) Президенті әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелеріне, орталық және жергілікті атқарушы органдарға тапсырмалар беруге;

3) Парламент пен оның Палаталарының мәжілістеріне қатысуға;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан және лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды сұратуға және алдыруға құқылы. Қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды ұсыну жөніндегі Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрінің нұсқамасы мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар үшін міндетті және егер Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі өзгеше мерзім белгілемесе кідіріссіз орындалуы тиіс;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің актілері жобаларын әзірлеу үшін ведомствоаралық жұмыс топтарын құруға, Мемлекет басшысы қойған өзге де

міндеттерді

шешуге

құқылы.

7. Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрінің қызметін ұйымдық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және өзге де тұрғыдан қамтамасыз етуді Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрінің еңбегіне ақы төлеу Мемлекеттік хатшысының лауазымдық еңбекақысы мен оны сауықтыруға қатысты жәрдемақыны есептеуге арналған коэффициент негізге алынып айқындалады және республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін ұстауға арналған қаражаттың есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

9. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан

Республикасының

Президенті